

«А.Иманов атындағы жалпы орта білім беретін лицей-мектеп» ММ
Қамқоршылық кеңес хаттамасы № 2

25.12.2019 жыл

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. I жартыжылдық үлгерім көрсеткіштері (ДОЖО: Р.Еңсебаев)
2. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру (үйірме, секциялардың жұмысы) (ДТЖО: Ш.Кожаяханова)
3. Жаңа жылға дайындық және оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру (ДТЖО: Ш.Кожаяханова)
4. II жартыжылдыққа тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы (ДТЖО: Ш.Кожаяханова)

1. I жартыжылдық үлгерім көрсеткіштері бойынша директордың оқу жөніндегі орынбасары Руслан Ерікұлы Еңсебаев сөз алды. 2019-2020 оқу жылының 2 оқу тоқсаны бойынша білім сапасы 43,4 %. Оқушылар саны – 120, оның ішінде үздіктер – 11, екпінділер саны – 35.

2 оқушы үйде оқытылады. Олар: 9-сынып оқушысы Сулейменова Мадина, 4-сынып оқушысы Қуанышев Али. Қалған 118 оқушы (98,3%) жалпы білім беретін мектеп бағдарламасы бойынша білім алады. Оның ішінде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 116 оқушы (96,7%) оқиды. 1 тоқсанның білім сапасына 1-сыныптың 14 оқушысы алынған жоқ. Себебі, оқушылардың білімі I жартыжылдықта бағаланбайды.

Осы оқу жылының 1 тоқсанымен салыстырғанда білім сапасы 1,6 пайызға төмендеген.

Сыныптардың салыстырмалы көрсеткішінде білім сапасының оң динамикасы тек 4-сыныпта байқалса, 5 және 7 сыныптарда білім сапасы өзгеріссіз, ал қалған сыныптарда динамиканың кемуі байқалады. Оның ішінде ең жоғарғы көрсеткіш 4 сыныпта, - 44,5 %.

Динамикадағы кемудің негізгі себептері:

- Сыныптардағы оқушы санының артуы. Яғни, 2,3,6,9,11 сыныптарға келген оқушылардың оқу үлгерімінің төмендігі сыныптың жалпы білім сапасының көрсеткішіне әсер еткен;
 - 7 оқушының бір пәннен «3» деген бағасы бар (I тоқсанда 4 оқушы болған). Олар: 2 сынып оқушысы Самат А. – ағылшын тілінен (I тоқсан), 4 сынып оқушысы Садвақасова Б., 5 сынып оқушылары Ақылбекова Д., Самат Ф. – математикадан (I тоқсан), 8 сынып оқушылары Қайркен Н. – ағылшын тілінен (I тоқсан), Қадыр А. – геометриядан, Өмірзақ Р. - алгебрадан.
 - Ал, 2 оқушының бір «4» деген бағасы бар. Олар: 2 сынып оқушысы Шорманова А. – математикадан, 5 сынып оқушысы Торғай А. – математикадан. Бұл оқушылар I тоқсанда да аталған тізімде болған.
2. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру (үйірме, секциялардың жұмысы) (ДТЖО: Ш.Кожаяханова) Мектеп бойынша 122 оқушы білім алуда. Үйірмелер мен секцияларға оқушылар 100 % қатысады. Мектеп бойынша 6 үйірме, 3 секция және 3 факультатив жұмыс атқарады. Аудандық оқушылар үйінен 1 үйірме, аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінен 2 үйірме бар.

Атап айтқанда: «Шабьт» театр үйірмесіне мектебіміздің көп оқушысы қатысады, жетекшісі Г.Балкенова. Әр қойылым бойынша оқушылар рөлдерге байланысты таңдалады.

да оқушылардың тізімі өзгеріп отырады. Бастауыш сыныптар үшін «Алтын сақа» үйірмесі бар, жетекшісі Б.Аханов. Орта буын оқушыларына арнап «Қолөнер» қыздар, «Шебер колдар» ұлдар үйірмесі жұмыс жасайды. Жетекшілері Б.Қабдуллина, М.Рустемханов. Ағылшын тілін меңгерту мақсатында «Лингва» үйірмесі 5 сынып оқушыларымен өткізіледі, жетекшісі Ж.Сембин. «Мерген» әскери бағыттағы үйірме, жетекшісі А.Ешимов. Спорттық секциялар: Аудандық оқушылар үйінен 1-4 сыныптарға арналған «Дойбы» үйірмесі бар, жетекшісі Б.Ескендилов. аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінен қыздар үшін «Футбол» және «Баскетбол» үйірмелері жұмыс жасайды. Жетекшілері Б.Ескендилов, Қ.Айдарханов. Қосымша инвариативті компонентінен «Баскетбол» 6 сыныптарға, жетекшісі Қ.Айдарханов, «Тоғызқұмалақ» 5 сыныпқа жетекшісі Б.Ескендилов, «Шахмат» 7-8 сыныптарға жетекшісі Б.Ескендилов.










Үйірмелер мен секциялардың өткізілуі аптасына 1 рет бекітілген кесте бойынша. Аудандық оқушылар үйі мен балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің сабақтары кесте бойынша түстен кейінгі уақытта күнделікті өткізіледі.

3. Жаңа жылға дайындық және оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру (ДТЖО: Ш.Кожаяханова) Мектеп бойынша ата-аналар комитеті жоспарланған жоспар бойынша жұмыс атқарды. Ата-аналар комитетінің төрайымы М.Асқарова. Оқу жылының басында дәстүрлі «Денсаулық күнін» өткізуде ата-аналар белсенділік танытты. Спорттық ойындарға қатысып, балаларымен табиғат аясында серуенде болды. Ұстаздар күнін мерекелеуде ата-аналар тарапынан да көмек көрсетілді. Жыл сайынғы өтетін Жаңа жыл мерекесі ата-аналар комитетінің демеушілік етуімен өтеді. Жаңа жыл мерекесі кестеге сәйкес ұйымдастырылды. Қысқы демалыс кезінде нақты жоспарлар бекітіліп, оны орындау қадағалауда болады.

4. II жартыжылдыққа тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы (ДТЖО: Ш.Кожаяханова) Ыстық тамақ мәселесін қамту бойынша мектеп асханасы ИП «Альтаир» арендатор Б.К.Серикбаева, бір аспазшы, бір көмекші. Олардың медициналық тексерістері мерзімге сай өтілген. Асхананың материалдық базасы 60 орын, ыдыс-аяқ үш комплектіден жеткілікті. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасыларынан шыққан тегін ыстық тамақпен 27 оқушы қамтылған ол 24 пайызды құрайды. Бастауыш сыныпта оқушылар 100 % тегін ыстық тамақпен қамтылған. 5-11 сыныпта 21 бала, 3 оқушы демеушілер тарапынан тамақтанады. Демеушілеріміз ИП «Альтаир», аудандық мәслихат депутаты Ж.Сембин. Бастауыш сыныпта бір баланың бір реттік тамағы 267 теңге86 тиын, жаппай оқыту қорынан 306 теңге 25 тиынды құрайды. Тамақ мәзірі Білім беру бөлімінің басшысы О.Темірболатовамен және тұтынушыларды қорғау мекемесімен бекітілген. Барлық тағамдардың сертификаттары бар. Тамақтың күнделікті сапасын бақылайтын комиссия құрылды.

Шешім:

1. Оқушылардың білім сапасын көтеруге катысты барлық шараларды қолдану жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Үйірмелер мен секциялар кесте сәйкес өткізілуін үнемі қадағалау
3. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтай отырып, жаңа жыл мерекесін жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
4. Ыстық тамақпен мектеп оқушылары 100 пайыз қамтылып, тамақтың сапасы үнемі қадағалап отыру керек

Кенес төрайымы:		С.Макина
Кенес мүшесі		Н.Жайлауова
Кенес мүшесі		М.Масугутов (м.а)
Кенес мүшесі		Б.Жумадилов
Кенес мүшесі		А.Рустемханова
Кенес мүшесі		Ж.Байдильдина
Кенес мүшесі		М.Абельдинова
Кенес мүшесі		М.Аскарова
Кенес мүшесі		С.Жунусов